

Түрік Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1209 Қаулысы

Түрік Республикасындағы жер сілкінісі салдарынан қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Түрік Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін осы қаулыға қосымшаға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ізгілік жүгін Эрзурум қаласының әуежайына дейін әуе көлігімен уақтылы тиіп жіберуді және жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жүкті жеткізу фактісі бойынша «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамына шығыстардың өтелуін жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны анықтасын және көмек көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

27

қазандағы

№

1209

қаулысына

қосымша

Түрік Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылатын материалдық құндылықтардың тізбесі

Р\с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Қысқы 10 орындық палатка	дана	60
2.	Жылытуға арналған пеш	дана	60

3.	Көрпе	дана	300
4.	Матрац	дана	300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ